

«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ



2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН УНИВЕРСИТЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

ЖЕТІСАЙ, 2020



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

Келісілді:

Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор,
т.ғ.к., доцент _____ С.Д. Мамраимов

Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор,
философия докторы(PhD) _____ П.Ә. Абдуразова

Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор,
философия докторы(PhD) _____ Н. Б.Шегенбаев

Әкімшілік-шаруашылық басқарма басшысы _____ Д. Жұмабаев

Бас бухгалтер _____ Ә.А. Байсалова

Кадр бөлімінің басшысы _____ Ғ.Қ. Бейсенова

Оқу-әдістемелік басқарма басшысы,
с.ғ.к., доцент _____ Р.С. Тәжітаева

Өзірлеген:

Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімінің басшысы
_____ А.А. Алтыбаева



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

2020-2025 жылдарға арналған университеттің стратегиялық даму жоспары Ғылыми кеңестің мәжілісінде қаралып, бекітілді (№1 хаттама, 28 тамыз 2020 жыл).

«Сырдария» университетінің стратегиялық даму жоспарында ХХІ ғасыр басындағы жоғары кәсіби білім беру перспективалары талданып, білім беру жүйесінің жаһандану және интеграциялану жағдайларындағы жоғары білім беруді дамыту, ондағы қазіргі әлемдік үрдістердің қолданылуы қарастырылады.

Университет дамуының басты білім беру концептуалдық принциптері ретінде білім беру мен ғылымды іргелендіру, ізгілендіру, ақпараттандыру және интеграцияландыру мәселелері көрсетілген және соған негізделген.

«Сырдария» университетінің маңызды бағыттарына білім беру қызметінің сапасын жақсарту, оқыту мен тәрбиелеу интеграциясын қамтамасыз ету, білім беру үдерісінде субъектіде патриоттық сезімді қалыптастыру, бәсекеге қабілетті салауатты ортада жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуы, әлемдік еңбек нарығында жас ұрпақтан бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау жатады.

© Сырдария, 2020



СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы 27 шілде № 319-ІІІ ҚРЗ 2007 жыл;
3. Қазақстан Республикасының Ғылым туралы Заңы 18 ақпан № 408-ІV ҚРЗ 2011 жыл;
3. Педагог мәртебесі туралы Заңы 27 желтоқсан 2019 жылғы №293-ҮІ ҚРЗ;
4. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі . 15 қараша № 414-Ү ҚРЗ 2015 жыл;
5. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген;
6. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың атты Қазақстан халқына Жолдауы;
7. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты мақаласы;
8. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауы;
9. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2019 жылғы 23 қаңтардағы Жастар жылының ашылуында және 2019 жылғы 27 ақпандағы "Nur Otan" партиясының XVIII съезінде берген тапсырмасы;
10. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген;
11. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 жарлығы.
12. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 31 қаңтар 2017 жыл;
13. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы 12 сәуір 2017 жыл;
14. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру 5 қазан 2018 жыл;
15. Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. ҚР президенті Қ. Тоқаевтің Қазақстан халқына жолдауы. 2 қыркүйек 2019 жыл;
16. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. ҚР президенті Қ. Тоқаевтің Қазақстан халқына жолдауы. 9 қаңтар 2020 жыл;
17. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы.



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

Негізгі қысқартулар

ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
ҚР ӘМ	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ЖОО	Жоғары оқу орны
ПОҚ	Профессорлық- оқытушылық құрам
ҚР ҰҒА	Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясы
ҚР МЖМБС	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҰБТ	Ұлттық бірыңғай тест
ХС	Халықаралық стандарт
АІБ	Аралық ішкі бақылау
ТМД	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
ҒЗЖ	Ғылыми-зерттеу жұмыстары
PhD	Философия докторы (академиялық дәреже)
IT	Ақпараттық технология
TQM	Жалпылама сапаны басқару (<i>Total Quality Management</i>)



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

Мазмұны

	«Сырдария» университетінің стратегиялық даму жоспарының паспорты	7
I.	Кіріспе	9
II.	Университет қызметі, келешек көрінісі, мақсаттары мен міндеттері	10
III.	Ағымдағы жағдайды талдау	12
IV.	Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер мен 2025 жылға дейін университеттің даму стратегиясын жүзеге асырудың күтілетін нәтижелері	26
V.	Модернизация бағыттары	36
V.1	Университетті басқару модернизациясы	36
	Оқыту процесін дамыту және жетілдіру	
V.2	Ғылым және инновация менеджментінің модернизациясы	39
V.3	«Сырдария» университетінің перспективалық моделі	41
VI.	Қорытынды	42



**«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

**«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ
ЖОСПАРЫНЫҢ ПАСПОРТЫ**

Құжаттың атауы	2020-2025 жылдарға арналған университеттің стратегиялық даму жоспары
Жоспарды әзірлеуші	«Сырдария» университеті
Әзірлеу үшін негіз	Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; ҚР тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
Мақсаты	Барлық деңгейдегі тұтынушыларға сапалы білім беру негізінде қоғам мен мемлекеттік мүдде қажеттілігіне сай білікті кәсіби мамандарды дайындауды белгілейді
Іске асыру мерзімдері	2020-2025 жылдар
Стратегиялық бағыттар (СБ) мен мақсаттар (СМқ)	1 СБ: Сапалы білім беру қызметтерін және бәсекеге қабілетті кәсіптік мамандар даярлауды қамтамасыз ету. 1.1 СМқ: Біліктілігінің деңгейі бойынша дамып отырған ішкі нарық мұқтаждықтарына және халықаралық стандарттар мен талаптарына жауап бере алатын кәсіби кадрларды дайындау. 2 СБ: Өңірдің және елдің экономикасы мен әлеуметтік басымдық салаларын ғылыми қамтамасыз ету. 2.1 СМқ: Өңірдің және елдің тұрақты инновациялық дамуы үшін іргелі зерттеулер базасында университеттің білімі мен білім беру инновациялық технологияларының бәсекеге қабілеттілігі мен сұранысқа ие болуына қол жеткізу. 3 СБ: Адам капиталының маңызды сипаттамалары ретінде маманның бойында азамат және патриот, тарихи үрдісті жасаушы және өзінің өзектілігін дамыта білетін тұлға қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау. 3.1 СМқ: Кәсіптік және әлеуметтік құзыреттілігіне ие азамат пен патриоттың өзіне сенімді және бәсекеге қабілетті тұлғасын тәрбиелеу.
Стратегиялық міндеттер (СМ)	1.1.1 СМ: Өңір және тұтас ел үшін жоғары білікті бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауды қамтамасыз ететін кәсіптік оқу бағдарламаларын жетілдіру;



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

1.1.2 СМ: Диссертациялар қорғау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру жолымен университеттің кадрлық әлеуетін күшейту;

1.1.3 СМ: Университеттің материалдық-техникалық базасын дамыту;

1.1.4 СМ: Білім беру қызметтері сапасына бақылау жүргізудің заманауи тетіктерін пайдалану;

1.1.5 СМ: ЮНЕСКО және Болон үдерісінің Лиссабондық конвенциясы талаптарына сәйкес келетін кадрларды даярлау;

1.1.6 СМ: Білім, ғылым, өндіріс бірлігін жүзеге асыру.

2.1.1 СМ: Заманауи ғылыми инфрақұрылымды құру;

2.1.2 СМ: Ғылыми кадрлардың біліктілігін арттыру;

2.1.3 СМ: Ғылыми зерттеулер сапасын арттыру;

2.1.4 СМ: Ғылыми қызметкерлерді ақпараттық қорлармен қамтамасыз ету.

3.1.1 СМ: Студенттердің ЖОО ішіндегі және сыртындағы ұйымдарға қатысуына қолдау көрсету;

3.1.2 СМ: Студенттерді белсенді әлеуметтік өмірге дайындау және олардың әлеуметтік құзыреттілігін арттыру;

3.1.3 СМ: Әлеуметтік тәуекелдерді төмендету бойынша іс-шаралар сапасын қамтамасыз ету;

3.1.4 СМ: Жастар саясатын іске асыру жүйесінде жастар акцияларының тиімділігін арттыру.

Қаржыландыру көздері

Мемлекеттік білім беру тапсырысы алқалы бюджеттік қаржыландыру;

Ақылы білім беру қызметтер көрсетуден түскен кірістер;

Құрылтайшылар қоры есебінен қаржыландыру.



I. КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру жүйесіндегі басты мәселені шешудің көзі – жоғары білікті маманды даярлау болып табылады.

Қазақстанда білім беруді және ғылымды дамыту бойынша жүйелі шаралар кешені іске асырылуда. 2015 жылы республика өзіне Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі тұрақты даму мақсаттарына, оның ішінде бәрін қамтитын және әділ сапалы білім беруді және баршаға арналған өмір бойы оқу мүмкіндігін ынталандыруды қамтамасыз етуді көздейтін 4-мақсатына қол жеткізу бойынша міндеттемелерді қабылдады. Оған қол жеткізу үшін әлемдегі білім беруді дамытудың негізгі бағыттары айқындалды: мектепалды даярлықты қамтамасыз ету, 12 жылдық мектеп білімінің моделі, оқушылардың бойында ХХІ ғасыр дағдыларын дамыту, арзан және сапалы ТЖКБ мен жоғары білімге тең қол жеткізу. Аталған бағыттар қазақстандық білім беру жүйесі үшін де басым болып табылады. Осыған қол жеткізу үшін бағдарламада Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру мақсаттар қойылған.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі оны дамытудың тараптарын жаһандану үдерістерінің белгілі бір әсерімен айқындалатын реформалаудың жаңа сатысына енді. Осылай барша өзгерістер мамандарды даярлау үдерісіне ықпал жасайды, одан тиесілі сұраныстарға сай еліміздің дамуы үшін еңбектің нәтижесін талап етеді. Реформаны тиімді түрде қамтамасыз ету үшін білім беру жүйесінде педагогикалық кадрлардың және өзге де мамандардың даярлығы болуымен қатар, олар біліктілікке және жалпы мәдениетті құзыреттілік деңгейіне және қоғамның қазіргі жағдай туындататын сан алуан міндеттерін шешуге қабілетті болуға тиіс. Саланы реформалаудың бірден-бір нәтижесі - жаңа қалыптағы мамандардың пайда болуы.

Университеттің білім, ғылым, рухани тәрбие беруде инновациялық және өндірістік мүмкіндіктері мол. Бүкіләлемдік білім беру интеграциясында аталған мүмкіндіктерді тиімді, ең заманауи жолдармен білікті мамандар даярлауда, еліміздің экономикасы мен қоғамдық өміріне ендіру қажет.

Стратегиялық даму бағдарламасы «Қазақстан-2050» Стратегиясы мен ҚР «Білім туралы» заңының, ҚР «Ғылым туралы», ҚР «Жастар саясаты туралы» заңының, 2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, «Сырдария» университетінің Жарғысы негізінде жасалған және көрсетілген мерзімде университетті басқару жүйесінде негізге алатын құжат болып табылады.



II. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ, КЕЛЕШЕКТЕГІ КӨРІНІСІ, МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Университеттің стратегиялық даму бағдарламасы моделінің ұстанымдары:

- 1) білім беру сапасы;
- 2) тиімді бәсекелестікке қабілеттілік;
- 3) білім беру, ғылым мен инновациялық қызметтің интеграциясы;
- 4) бәсекелестікке қабілетті, кәсіби біліктілік құзыретіне ие, әлеуметтік жауапты жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту;
- 5) университеттің білім және ғылыми үдерістеріндегі инфрақұрылым сәйкестігі.

Миссиясы: Білім беру, ғылым мен инновациялық қызметті заман талабына сай интеграциялау және Қазақстан Республикасының даму стратегиясына сәйкес жанашыл мамандар даярлау.

Көрініс: Инновациялық экономика үшін бәсекеге қабілетті мамандар дайындайтын алдыңғы қатарлы отандық және әлемдік университеттер қатарына кіру.

Әлемдік жетекші университеттер талаптарына сәйкестендірілген, білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға негізделген білім берудің жоғары сапасына қол жеткізу.

Білім беру сапасы саласындағы университет саясатының негізгі мақсаты – жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, еңбек нарығына қажетті мамандарды даярлау.

Университеттің білім беру үдерісінің басымдық мақсаттары:

- бүгінгі қоғам дамуында қалыпты тұжырымға негізделген білім беру әдістері мен ұстанымдарының қалыптасуы, дамуы және жүзеге асырылуы;
- қоғамның қалыпты дамуындағы ұстанымдар мен жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде өмір сүру және жаңа көзқарас қалыптастыруға ықпал жасау;
- жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және мәдени, интеллектуалды қажеттіліктерін өтеуге жағдай жасау;
- отандық және шетелдік тәжірибені негізге ала отырып, мемлекеттің қажеттілігіне, сұранысына жауап беретін білім беру мен тәрбие жүйесін қалыптастыру;
- демографиялық, саяси, экономикалық, аймақтық және жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, жобалар жасайтын және оны жүзеге асыра алатын ғылыми және ғылыми-педагогикалық жоғары білікті кадрлар даярлау;
- ғылыми-тәжірибелік талдамалармен, бағдарламамен қамтамасыздандыруды жүзеге асыру;
- университет базасында компьютерлік курстарды ашу, сондай-ақ басқа да білім беру, ғылыми және кеңес беру қызметтерін көрсету.

Университет маман дайындауда білім алушылардың кәсіби және жалпы білім деңгейін көтеруге бағытталған білім беру бағдарламасын жүзеге асырады.



Университеттің міндеттері:

Университеттің стратегиялық мақсаты – ұлттық және жалпыазаматтық құндылықтарды, ғылым мен практика жетістіктерін кәсіби тұлғаның қалыптасуы мен өсуіне бағыттаған жоғары кәсіби білім беру бағдарламаларын іске асыру.

Университеттің басымдық міндеттері мыналар болып табылады:

- кәсіби жоғары білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау;
 - жеке адамның шығармашылық және рухани мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік, салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, тұлғалық дамуы үшін жағдай жасау;
 - азаматтық, ұлтжандылық, отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, ұлттық салт-дәстүрлерді қастерлеуге, Конституция мен қоғамға, заңға қарсы келетін пікірлермен күресуге баулу;
 - Республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу қажеттілігін қалыптастыру, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне сауатты қарау;
 - әлемдік және отандық мәдени құндылықтарды игерту, ел тарихына, қазақтың және Республикадағы өзге ұлттардың әдет-ғұрыптарына құрметпен қарау, мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді меңгерту;
 - мекеменің еркіндігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру және орталықтандыру;
 - оқытудың жаңа инновациялық технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу;
 - алуан түрлі және көп қызметті білім беру ұйымдарының тиімді дамуына қол ұшын беру;
 - мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру, университеттің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін ғылыми және инновациялық интеграция негізінде жүзеге асыру;
 - инновациялық білім беруді педагогиканың проблемалық-ақпараттық, пәнаралық технологияларын қолдана отырып дамыту;
 - факультеттер базасында мамандардың элиталық дайындық жүйесін құру;
 - университеттің отандық және шетелдік білім мекемелерімен өзара байланысының инфрақұрылымын дамыту;
 - корпоративтік мәдениет пен университеттің ішкі бәсекелестік ортасын қалыптастыру;
 - жаңа ұйымдастырушылық құрылым мақсаттарына сәйкес басқару мен өзін-өзі басқарудың әдістерін жасау.
- Бұл басты міндеттердің шешімі кәсіби мәдениеттілік пен шеберлікті, белгілі бір білімді мақсатты түрде қалыптастыруда келесі міндеттерді қажет етеді:
- әлемдік ақпараттық ресурстарды ең үздік отандық және шетелдік білім беру бағдарламалары мен технологияларының ұқсас базаларын;
 - әлемдік нарықта бәсекелестік және мойындауды қамтамасыз ететін халықаралық білім беру бағдарламаларының аккредитациясын;
 - элективті пәндердің мазмұнындағы кәсіпкерлік идеяларын;



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

- өзекті мәселелерді шешуге бағытталған пәнаралық және интегративті жолдармен негізгі ғылыми бағыттарды зерттеу;

- Қазақстан Республикасындағы білім және ғылым жүйесінің дамуы мен реформалау бағдарламаларын, стратегияларын және тұжырымдарын қолдану арқылы шешу.

Университет Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде белгіленген ұстанымдарға негізделген келесі қызметтерді жүзеге асырады:

- жоғары білім беру жүйесінің даму перспективасын зерттеу, біліктілікті жетілдіру және кадрларды қайта даярлау, оларды оқыту мазмұнының басымдылығын анықтау;

- университет Кеңесінің жұмыстарын барынша жандандыру;

- университеттің инновациялық ғылыми-әдістемелік әзірлемелерін білім беру мекемелеріне ендіру үдерісіне бітірушілерді, студенттерді және оқытушыларды белсенді қатыстыру;

- жоғары оқу орындарына дейінгі білім беру ұйымдарымен өзара байланысты кеңейту, білім беру кешендерін құру;

- бірлескен тиімді іс жүзіндегі ұлтаралық құрылымдарды құру үшін шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарының кооперациясын тереңдету;

- министрліктер және ведомстволармен тиімді және үздіксіз жұмыс жүргізу;

- әр түрлі деңгейдегі заңнамалық және атқарушы үкімет орындарымен қарым-қатынасты дамыту;

- білім беру әрекетінің еркін таңдауының негізінде отансүйгіштік, адам құқығын құрметтеу, толеранттық, демократиялық ұстанымдарды қалыптастыру.

III. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙҒА ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасының алдында әлемдік тәжірибе мен дәстүр сабақтастығын сақтай отырып жалпы білім берудің тұжырымды жаңа жүйесін қалыптастырудың басты мәселелері тұр. Отыз бәсекелестікке қабілетті елдердің қатарына жедел енудің жалпы қазақстандық жобасын жүзеге асыру үшін мыналарды іске асыру қажет:

- көпдеңгейлі білім беру жүйесін құру;

- білім беретін оқу орындарының ұйымдық құрылымын модификациялау;

- заманауи білім беру үдерісіне инновациялық және ақпараттық технологияларды ендіру;

- үкіметтік тұжырымды жүзеге асыру.

Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесіне маңызды өзгерістер ендіру көзделіп отыр, оның ішінде:

- әлемдік стандарттарға сәйкес білім саласын қамтамасыз ететін жаңа үлгілер мен тәсілдерді ендіру;

- ЖОО қабылдаудың жаңа үлгілеріне ауысу;

- профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуетін және жас ғалымдардың үлесін арттыру;



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

- халықаралық білім беру жүйесіндегі интеграция және осыған байланысты білім беру бағдарламаларының мазмұнындағы өзгеріс;

- негізгі ғылыми және іргелі білім беру мекемелерімен білім беру үдерісінің интеграциясы;

- жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы жаңа білім қорының шарықтай өсуіне, оны алу мен іс жүзінде қолдану арасының бірден қысқаруына әкелді;

- қазақстандық және дүниежүзілік білім беру саласы нарығындағы бәсекелестік.

Білім беру саясатындағы заманауи көзқарас білім берудің ашық, жүйелі болуын, «ақылды экономиканың» негізін қалауын, жаңа технологияларды, идеяларды, жолдарын пайдалануды талап етеді. Осылай білім беруді қамтамасыз ету үшін университетте:

- өмір бойы қалыптасқан білім жүйесінің негізін қалау;
- білім алушылардың қажеттілігі мен қызығушылығын дамыту;
- білімді әрі қарай жалғастыру үшін дәлелдерге сүйенген жағдай туғызу;
- өз бетінше жұмыс жасау үшін құзыретін қалыптастыруға, жеке басының қасиеттері мен өзіндік мінез-құлқы болуына жағдай жасау;
- өз бетінше білім алуға, өзін-өзі тәрбиелеуге қызығушылық туғызу;
- ақпараттың анықтығы мен нақтылығын қамтамасыз ету керек.

Ғалымдардың басым бөлігінің жоғары оқу орындарында жұмыс істейтінін ескере отырып, зерттеу жұмыстарында оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының көптеп қатысатынын батыл айтуға болады. Үлкен ғылымға жас маман зерттеушілердің келуі арта бастады. Өйткені студенттік кезеңінен бастап жас зерттеушілерді дайындау үшін университеттердің теңдессіз мүмкіндіктері бар. Студенттердің ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстарға жаппай атсалысуы инновациялық оқытудың басты мәселесі болып табылады. Бұл мамандар дайындау сапасының артуына әкелері сөзсіз. Сондықтан, 350 мың халық өмір сүретін аймақта орналасқан «Сырдария» университеті инновациялық педагогикалық және кәсіби мамандарды даярлау бойынша соңғы стратегиялық мақсатты басшылыққа алды. Сонымен бірге облыстағы басқа жоғары оқу орындарынан шалғайда орналасқан бірден бір оқу мекемесі (карта 1).


«Сырдария» университеті ЖШС 1998 жылдың 27-ші шілдесінде Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің №408 бұйрығымен құрылған. 1998 жылдың 5-наурызында Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті, Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде тіркелді. 2007 жылдың 6-ақпанында қайта тіркеуден өткен (қайта тіркеу №254-1958-10 ЖШС).

Университет Жарғысы Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 6-тарауы, 41 бабы және білім беру ұйымдарының қызметтерін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген. 2002 жылы 12-ақпанда Білім берумен шұғылдануға арналған ААН 000169 сериялы лицензиясы, 2010 жылы 28-қыркүйекте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТИ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

жүргізу құқығы беріліп, АБ № 0134747 сериялы лицензия негізінде қызметін атқаруда.



Карта 1

«Сырдария» университетінің ТО-да орналасу көрінісі

Университет Түркістан облысы, Жетісай ауданы (бұрынғы Мақтарал), Жетісай қаласында орналасқан. Жетісай, Мақтарал аудандары – халықтың ең көп тығыз орналасқан, халық өсімі ең жоғары, қазақ тілінің, салт-дәстүрлерінің қаймағы бұзылмай сақталған ерекше өңір.

«Сырдария» университеті – Түркістан облысы аймағындағы жалғыз құрастырушы ордасы. Оған дәлел: Жетісай, Мақтарал аудандарында 310 мың халық тұрады, 126 мектеп бар, онда 80 мың бала оқиды.

Шардара ауданы Жетісайдан 65 шақырым орналасқан 80 мың халық мекен етеді, 27 мың оқушы оқитын 40 мектеп бар.

Келес пен Жетісай арасы 30 шақырым, онда 135 мың халық тұрады, 65 мектеп, 33 мың оқушысы бар.

Сарыағаш ауданы Жетісайдан 75 шақырымда орналасқан, халық саны 185 мыңды құрайды, 77 мектебі бар, онда 33 мың бала оқиды.

Сонымен бұл аймақта 710 мың адам өмір сүреді, 308 мектепте 197 мың бала оқиды.

Жетісай, Мақтарал аудандары Өзбекстан Республикасының Сырдария, Жиззақ, Гүлістан, Ташкент облыстарымен шекаралас. Бүгінгі таңда Өзбекстанда 2,5



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

млн. қазақ өмір сүреді, онда 370 қазақ мектебі жұмыс істейді. Бұл мектептерде 54 мың 926 бала оқиды.

Айта кету керек, 1996 жылы бұл мемлекетте қазақ мектептерінің саны 678 болатын. Қазір Өзбекстанда тұрып жатқан қандастарымыздың саны өскенмен, мектеп саны 308-ге кеміген.

Жалпы алғанда, «Сырдария» университеті 5 аудан көлеміндегі тұрғындармен бірге Өзбекстанда тұрып жатқан қандастарды қосқанда 3 млн 210 мың адамға қызмет етуде.

«Сырдария» университетін 22 жыл ішінде 15095 түлек бітірген. Бітіруші түлектердің 75% бүгінде еліміздің білім беру мекемелерінде табысты қызмет етуде, соның ішінде 27-і мектеп директоры.

Қазіргі таңда университетте 3393 білім алушы оқуда, оған 162 оқытушы-профессорлар құрамы сабақ беруде. Сонымен қатар университет әкімшілігі мен әдістемелік-шаруашылық саласында 88 адам қызмет атқарады. Барлығы 250 адам жұмыс істейді.

Университет 3 рет мемлекеттік аттестаттаудан өткен. Алғашқысы, Білім және ғылым министрлігінің 6.12.2001 ж. №935, екіншісі, 8.12.2006 ж. №931 бұйрықтарына сәйкес өткен. Соңғы мемлекеттік аттестаттаудан 2011 жылы 20-27 желтоқсан аралығында өткен.

Университет бірнеше рет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің бұйрықтарына сәйкес білім туралы заңнамасының және білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының сақталуына сәйкес тексеруден өткен: (20-21.04. 2007ж; 12-18.03.2010ж; 9-13.10.2012 ж).

2015-2016 оқу жылында университет институционалдық, 5B010200 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі», 5B010300 «Педагогика және психология», 5B011000 «Физика», 5B011400 «Тарих», 5B011700 «Қазақ тілі және әдебиеті», 5B010800 «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламалары мамандандырылған аккредиттеуден өтті. Аккредитациялық орган Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігі.

2016-2017 оқу жылында 5B010600- «Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B042100- «Дизайн», 5B012000- «Кәсіптік оқыту», 5B010900 – «Математика», 6M010900-« Математика», 5B060200- «Информатика», 6M011100-«Информатика», 5B070400- «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету», 5B011200- «Химия», 6M011200-« Химия», 5B011600- «География» 5B011300- «Биология», 5B060700-«Биология», 6M011300- «Биология», 6M011700- «Қазақ тілі және әдебиеті», 6M010200- «Бастауышты оқыту педагогикасы мен әдістемесі», 6M011400- «Тарих», 5B011900- «Шетел тілі: екі шетел тілі», 5B030100- «Құқықтану», 5B050800-«Есеп және аудит», 5B050900-«Қаржы», 6M050600- «Экономика» білім беру бағдарламалары мамандандырылған аккредиттеуден өтті. Аккредитациялық орган Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі.

2018-2019 оқу жылында институционалды және мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде постаккредитациялық мониторинг өткізілді.



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

2019 жылы университет Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі жүргізген топ-20 бас рейтингінде 16 орынды және Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі жүргізген рейтингте «Үздік көпсалалы университет» рейтингінде 16 орынды ал 2020 жылы 17 орынды иеленді.

Сонымен қатар, университет "Ұлттық бизнес-рейтинг" атты халықаралық рейтингтік бағдарлама құрастырған Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының 2018-2019 жылдар қорытындысы бойынша "жоғары білім" санатында жалпы мемлекеттік екі рейтингте "күміс рейтингіне" енді.

2019 жылғы 27 желтоқсандағы "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" атағын беру жөніндегі Республикалық конкурстық комиссиясы отырысының қорытындысы бойынша "Жаратылыстану" факультетінің деканы, Философия докторы (PhD) Абдуразова Перизат Әділбекқызы "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2019" атағын иеленді.

«Сырдария» университеті мемлекеттік лицензияға сәйкес мемлекеттік тапсырыс және ақылы негізде күндізгі, сырттай, жеделдетілген, қысқартылған нысандары негізінде төмендегі білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметін көрсетеді (кесте 1).

Қазіргі күнде университетте білім беру қызметі 26 бакалавриат және 6 магистратура білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Кесте 1

Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының тізімі

р/с	Шифры	Білім беру бағдарламасының атауы
1	6B01201	"Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы"
2	6B01301	"Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі"
3	6B01101	"Педагогика және психология"
4	6B01402	Музыка мұғалімдерін даярлау
5	6B01403	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
6	6B01401	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау
7	6B01501	Математика мұғалімдерін даярлау
8	6B01502	Физика мұғалімдерін даярлау
9	6B01503	Информатика мұғалімдерін даярлау
10	6B01504	Химия мұғалімдерін даярлау
11	6B01505	Биология мұғалімдерін даярлау
12	6B01601	Тарих мұғалімдерін даярлау
13	6B01506	География мұғалімдерін даярлау
14	6B01701	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
15	6B01703	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
16	6B01702	Шет тілі: екі шет тілі мұғалімдерін даярлау
17	6B01507	Химия-Биология мұғалімдерін даярлау



**«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

18	6B01509	География-Тарих мұғалімдерін даярлау
19	6B04201	"Құқықтану"
20	6B02101	"Дизайн"
21	6B04101	"Есеп және аудит"
22	6B04102	"Қаржы"
23	6B04103	"Экономика"
24	6B06102	"Информатика"
25	6B05101	"Биология"
26	6B06101	"Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету"
27	6B03201	"Кітапхана ісі"

Кесте 2

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізімі

№	Шифры	Білім беру бағдарламасының атауы
1	7M01101	"Педагогика және психология"
2	7M01301	"Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі"
3	7M01601	Тарих педагогтарын даярлау
4	7M01701	Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау
5	7M01702	Шет тілі: екі шет тілі педагогтарын даярлау
6	7M04101	"Экономика"

2018 жылдың қараша айында ИСО 9001:2015 ХС талаптарына сәйкес сертификаттаушы орган Түрік стандарттар институтының «TSE» университеттің үрдістерін жүйелі түрде және сапалы жүргізу мақсатында енгізілген сапа менеджменті жүйесін сараптап, сыртқы аудиттен сәтті өтуіне байланысты № КҮ-6144/10-R15 және IQNET № TR-КҮ-6144/10-R15 сертификаттары берілді.

Университетте мамандарды даярлауда жоғарғы білімнің ұлттық жүйесін еуропалық және халықаралық білім кеңістігімен бәсекелесуге мүмкіншілік беру мақсатында кредиттік оқыту жүйесі енгізіліп, жүзеге асырылады. Бұл жүйе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, білім жүйесін дамытудың негізгі бағыттарына, Болон декларациясы талаптарына сәйкес құрылған.

Кредиттік оқыту жүйесінің талаптарына сәйкес университетте элективті пәндер каталогы жасалынып, студенттердің пәндерді таңдауға мүмкіншілігі Тіркеу офисі арқылы ұйымдастырылады.

Университетке 1-курс студенттерін қабылдау «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген) негізінде жүзеге асырылған.



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

«Сырдария» университетінің жалпы кітап қоры 359 057 дана кітапты құрайды, оның ішінде қазақ тіліндегісі 301232 дана. Кітапхана қоры ғылыми, оқу, оқу-әдістемелік, көркем және өзге де басылымдардан құралған. Университеттің кітапхана қоры жыл сайын 5 % пайызға жаңарып отырады.


2011 жылы 23 қыркүйектен бастап ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының республикалық ЖОО арасында электрондық кітапхананың қызмет көрсету туралы келісім шартқа сәйкес жағдай жасалып пайдалануда.

Университет кітапханасы ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының республикалық ЖОО арасында электрондық кітапханасымен, Жетісай аудандық орталықтырыңдалған кітапханалар жүйесімен, Шымкент қаласындағы Отырар ғылыми әмбебап кітапханасымен, Шымкент қаласындағы А.Пушкин атындағы ғылыми кітапханамен келісім шарттар негізінде қызмет етеді.

Университет профессор-оқытушылары оқу үдерісін жаңа буын оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етуде.

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында Университет кітапханасы 2018 жылы 17 атау бойынша 1291 дана, 2019 жылы 30 атау бойынша 2010 дана оқулықтармен толықтырылды. Университеттің электронды кітаптар қоры да толықтырылуда.

Электронды кітапхана қоры туралы мәлімет



Студенттердің білім алу үшін университет меншігіндегі, шаруашылық басқарудағы немесе шұғыл басқарудағы материалдық-қаржылық активтері студенттер контингентіне байланысты біліктілік талаптарға сәйкес.

Университетте 5 оқу ғимараттарының жалпы ауданы 25601,12 ш.м., оның ішінде пайдалы ауданы 12432,08 ш.м., 320 орынды 1 студенттер үйі (жатақхана) жалпы ауданы 5362,2 ш.м., 1 студенттер сарайы 500 орынды, жалпы ауданы 836 ш.м., 4 электронды оқу залдарының жалпы ауданы 877,8 ш.м., инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы жалпы ауданы 735 ш.м., 2 ашық және 1 жабық спорт



**«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

кешені жалпы ауданы 2032 ш.м. Университет ғимараттарында 5 асхана орналасқан, жалпы ауданы 591 ш.м., жалпы ас ішу орны - 450. Оқу ғимараттары су, жылу, канализация, жарық жүйелерімен толық қамтамасыздандырылған. Дәрістік зертханалар, кабинеттер, басқа да арнайы дәрісханалар қазіргі талаптарға сай жабдықталған.

2020-2021 оқу жылында 187 штат бірлігінде 168 профессор-оқытушылар жұмыс атқарады, оның ішінде : ғылым докторлары – 13(4%), ғылым кандидаттары – 62 (52%), Phd -5 (4%), ғылым магистрлері - 88 (35%).

Университет басшылығы ПОҚ кәсіби біліктілігін көтеру мәселесіне көп көңіл аударады. 2019-2020 оқу жылында 67 (38%) профессор-оқытушы біліктілігін көтеріп келген. Өтілген орны мен мекемелері: «Өрлеу» Республикалық біліктілікті арттыру институты (Алматы қ. Филиалы); И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті; М.Ә. Ауэзов атындағы ОҚМУ; Білім беру және ақпараттық-инновациялық технологиялар ғылыми-зерттеу орталығы (Алматы қаласы).

Университетте ЖОО арасындағы *“Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы”* атағын иеленгендер:

- 1.Кобланова О.Н. – х.ғ.к., доцент;
- 2.Мұсабекова Г.Т. –п.ғ.д., профессор.
- 3.Абдуразова П.Ә.- философия докторы (PhD).

2018-2019 оқу жылындағы студентер үлгерімінің көрсеткіші: 5B090100-«Кітапхана ісі» және 5B012700 - «Математика-Информатика» - 100%, 5B011600-«География» - 96,4%. Университет бойынша ең төмен көрсеткіш көрсеткен 5B011800-«Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы - 81,1%.

Төменде көрсетілген кестелерде университет бойынша студенттердің 2019-2020 оқу жылындағы үлгерім көрсеткіштері келтірілген.

**2019-2020 оқу жылының білім беру бағдарламалары бойынша үлгерім
көрсеткіші (күндізгі оқу нысаны)**

№	Білім беру бағдарламасы	Үлгерім, %	
		Абсолютті	Сапалық
1	6B01201-"Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы"	95,8%	93%
2	6B01301-"Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі"	94,6%	83%
3	6B01101-"Педагогика және психология"	93,8%	86%
4	6B01402-Музыка мұғалімдерін даярлау	91,7%	77%
5	6B01403-Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	91,5%	82%
6	6B01401-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	88,1%	64%
7	6B01501-Математика мұғалімдерін даярлау	94,1%	74%
8	6B01502-Физика мұғалімдерін даярлау	97,6%	73%




«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

9	6B01503-Информатика мұғалімдерін даярлау	80,7%	65%
10	6B01504-Химия мұғалімдерін даярлау	100,0%	100%
11	6B01505-Биология мұғалімдерін даярлау	92,5%	73%
12	6B01601-Тарих мұғалімдерін даярлау	92,9%	74%
13	6B01506-География мұғалімдерін даярлау	96,0%	76%
14	6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	93,8%	88%
15	6B01703-Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	88,7%	77%
16	6B01702-Шет тілі: екі шет тілі мұғалімдерін даярлау	93,3%	84%
17	6B01507-Химия-Биология мұғалімдерін даярлау	92,3%	74%
18	6B01509-География-Тарих мұғалімдерін даярлау	86,8%	68%
19	6B04201-"Құқықтану"	91,7%	74%
20	6B02101-"Дизайн"	88,5%	67%
21	6B04101-"Есеп және аудит"	88,5%	80%
22	6B04102-"Қаржы"	89,2%	69%
23	6B04103-"Экономика"	87,5%	50%
24	6B06102-"Информатика"	96,6%	76%
25	6B05101-"Биология"	97,0%	79%
26	6B06101-"Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету"	87,9%	55%
27	6B03201-"Кітапхана ісі"	100,0%	100%
Университет бойынша		91,9%	77%

Білім беру бағдарламалары бойынша



**«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**




Университеттің 1-5 курс бойынша үлгерім көрсеткіші (күндізгі оқу нысаны)

№		1 курс	2 курс	3 курс	4 курс	5 курс	Үлгерім, %
1	Филология және гуманитарлық білім	94,1%	92,0%	94,1%	100,0%	-	94,1%
2	Жаратылыстану	86,4%	87,5%	95,3%	98,9%	-	91,6%
3	Заңтану, экономика және қашықтықтан оқыту	85,9%	87,3%	94,7%	100,0%		90,6%
4	Дизайн және өнер	89,5%	87,3%	94,8%	100,0%	75,0%	91,1%
5	Дене тәрбиесі және спорт	84,7%	88,5%	87,0%	100,0%	-	88,1%
Университет бойынша:		89,2%	89,9%	93,5%	99,7%	75,0%	91,9%



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТИ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ



Қысқы және жазғы сессия нәтижелері факультет кеңесі мәжілісінде талқыланып, нәтижелері бойынша арнайы іс-шаралар ұйымдастырылады.

2019-2020 оқу жылында 1386 студент қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы білім алуда.

Жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын, тұрмыс-тіршілігін, күн көріс қамын ескере отырып, университеттің күндізгі бөлімінде, бакалавриатта білім алып жатқан студенттерге жеңілдіктер көрсетіледі.

«Сырдария» университетінің оқытушы-профессорлары мен студенттері айтулы ғылыми жетістіктерге қол жеткізуде. Ғылыми-зерттеу жұмысын қаржыдандыру 2019 жылы 4 300 000 тг, зияткерлік меншік құқығын растайтын куәліктер саны 18, профессор-оқытушылар құрамының жарыққа шығарған оқулықтар мен монографиялар саны-21, импакт-факторлы халықаралық индекстелетін журналдардағы ғылыми жариялымдардың 6 мақала, ҚР БҒМ БЖҒСБК ұсынған басылымдардағы жарияланған мақала саны-16, басқа журналдарда – 6, халықаралық, республикалық конференциялар жинағында жарық көрген мақала саны – 466 құрайды.

13 білім алушы сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында бір академиялық кезеңді Тәжік педагогикалық институтында оқыған (Тәжікстан республикасы, Пенджикент қаласы).

5 шетелдік профессор-оқытушы университет білім алушыларына дәріс оқыды: философия докторы (PhD) Мустафа Селми, Суэц каналы университеті, Египет,



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

профессор Р.П.Закирова, Өзбекстан республикасы, Ташкент, г.ғ.д., профессор Б.А. Бахритдинов, сейсмология институты, Өзбекстан республикасы, Ташкент, Х.Ф.Анаркулов, И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті, Қырғызстан республикасы Бишкек қаласы.

Студенттеріміздің спорт пен өнерде жеткен табыстары да айтулы: «Сырдария» КВН құрамасы республикалық чемпион атанса, спорттық жарыстарда топжарған мықтыдарымыз жүлделі орындарға ие болды.

2019 жылы «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті Дүйсебай Ұлжан Қырғызстан республикасында өткен Азия чемпионатында қол күрестен 2 орынды және 2 курс студенті Олжабай Бақдос ММА ережесіз жекпе жектен Пекин (ҚХР) қаласында өткен әлем чемпионатында 2 орынды иеленген.

Қашықтықтан оқыту процесін ұйымдастыру үшін «Moodle», «Platonus» бағдарламалары қолданылады. Барлық оқу материалдары университеттің электронды кітапханасының жалпы қорынан алынады (ko-sirdariya.kz); Бейне дәрістер қоры құрылды. Бейне дәрістердің толық қоры 203 дана, видео дәрістің орташа ұзақтығы 20 минутты құрайды;

ПОҚ және студенттердің денсаулығын түзетуге, бос уақытын көңілді өткізуге бөлінетін қаржы айына - 1156,0 мың теңгені құрайды.

Университеттің негізгі қорларының баланстық құнының құрамы:

01.01.2019 жыл -839401,9 мың теңге

01.09.2019 жыл -878948,3 мың теңге

Жалақының орташа көлемінің жылдық серпіні:

2019-2020 жылға -28563,4 теңге

Мамандырылған лаборатория, кабинеттерді, кітап қорын, компьютер техникасын және оқулық саймандарды толықтыру мақсатындағы жылдық бөлінетін қаржы көлемі:

2019-2020 жылға

Көлік және құрал жабдықтар -28875,600 мың теңге

Жиһаз -8934,000 мың теңге

Кітап -9697,400 мың теңге

ЖОО грантын құру және әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқытушылар, қызметкерлер және студенттер үшін бөлінген қаражаттың көлемі:

- студенттерге берілген жеңілдік

2019-2020 жылға -1441,000 мың теңге

- студенттерге берілген сый ақы

2019-2020 жылға -810,000 мың теңге

ПОҚ дәрежесін көтергенге бөлінген қаражаттың көлемі:

2019-2020 жылға -1517,0 мың теңге.

Бүгінгі күні университет қажетті мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін және бәсекеге қабілетті, білікті, әлеуметтік жауапкершілікті ұғынатын, жоғары білікті мамандар даярлап, әлемдік білім беру кеңістігіне ықпал ететін, ғылыми-зерттеулер



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

жүргізу үшін жағдай туғызатын жеткілікті инновациялық потенциалға ие, мәдени-ағарту, білім-ғылым орталығы болып табылады.

«Сырдария» университеті иелігінде 1 га. жер телімі бар 4 қабатты заманауи Бас оқу ғимаратын салу жұмысы басталды. Жоба құны 760 млн. тенге, сыйымдылығы 1500 орын.

«Барыс» спорт кешені. Жоба құны 404 млн. тенге, сыйымдылығы бір уақытта 160 адам жаттыға алады. Бизнестің «Жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында 70 млн. несие 7% алынды. Құрылыс жұмысы 2019 жылы қыркүйек айында басталды. 2020-2021 оқу жылында қолданысқа берілу жоспарланған.

SWOT-талдау

«Сырдария» университетінің сыртқы ортасы

S – күшті жақтары

- университеттің облыс пен аймақтағы жоғары имиджі;
- институционалды және БББ мамандырылған аккредиттеуден өтуі;
- білім беру бағдарламаларының келісілу саласында жұмыс берушілермен дамыған байланыстары;
- қала, аудан, облыс, мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне белсенді түрде қатысуы;
- ТМД және алыс шетел жоғары оқу орындарымен белсенді ынтымақтастығы;
- республикалық және халықаралық ассоциациялар деңгейінде жақын және алыс шетелдік, алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы келісімдері.

W – әлсіз жақтары

- Университет ғалымдарының халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына, біріккен ғылыми-зерттеулерге, шетелдік халықаралық ғылыми конференцияларға қатысу үлесінің төмендігі, шетелдік ғылыми журналдар мен басылымдарда ПОҚ-н ғылыми мақалаларының жеткіліксіздігі;

O – қолайлы мүмкіндіктер

- мемлекеттің білім беру саласын қолдауы;
- жоғары білімге қоғамдық қызығушылықтың артуы;
- аймақтағы қолайлы демографиялық ахуал;
- аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының қолайлы факторлары;
- аймақтың қолайлы геосаяси орналасуы;
- білім беру саласында жас мамандарға сұраныстың артуы;
- сапалы маман дайындығына жұмыс берушілер қызығушылығының артуы;
- біріккен білім беру бағдарламаларын енгізу;
- ҚР білім беру қызметіне университеттің ПОҚ қатысуы: оқулық құрастырудағы авторлылығы, мектептермен бірігіп жұмыс істеу, мектеп оқушыларының ғылыми жобаларына жетекшілік ету, мектеп олимпиадаларының қазылар алқасына, мұғалімдердің біліктілігін арттыруға қатысу, оқушыларды ҰБТ-ге дайындау.



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

Т – қауіп-қатерлер

- мектеп түлектерінің дайындық сапасының төмендеуі;
- білікті маман дайындауға бюджеттік қаржыландырудың жеткіліксіздігі;
- заңнамадағы өзгерістер;
- әлемдік қаржылық дағдарыс.

«Сырдария» университетінің ішкі ортасы

S – күшті жақтары

- жоғары басшылық белсенділігі;
- дамыған оқу-зертханалық, материалдық базасы;
- инновациялық режимде жұмыс жасауға арналған университеттің кадрлық әлеуеті;
- университеттің стратегиялық даму жоспарын дайындауға және жүзеге асыруға профессор-оқытушылар құрамының, әкімшілік-басқару қызметкерлерінің, студенттердің тартылуы;
- ақпараттық технологиялар дамуының жоғары деңгейі (Интернеттің корпоративтік желісі, қашықтықтан білім беру, университеттің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі);
- студенттік өзін-өзі басқарудың іске асырылуы;
- тұрақты негізде университеттің профессор-оқытушылар құрамының біліктілігінің арттырылуы;
- жүйелі түрде профессор-оқытушыларды жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды игеруге үйрету;
- заманауи білім беру бағдарламалары;
- ауыл жағдайына тез бейімделетін, студенттер контингентінің болуы.

W – әлсіз жақтары

- шетелдік ғылыми бағдарламаларға ғылыми-педагогикалық кадрлардың қатысуының жеткіліксіздігі;
- іргелі және қолданбалы зерттеулер үлесінің төмендігі;
- инновацияның коммерциализациялануының жеткіліксіздігі;
- студенттердің қаржыландырылатын ҒЗЖ қатысу үлесінің төмендігі;
- импакт-факторлы ғылыми басылымдарда, ғылыми мақалалардың жеткіліксіздігі;
- академиялық ұтқырлықтың жүзеге асырылуына кедергі болатын профессор-оқытушылар құрамы мен студенттердің шетел тілдерін толық меңгермегені;

O – қолайлы мүмкіндіктер

- қосымша электронды оқу залдарының ашылуы;
- материалдық-техникалық базаның одан әрі нығайтылуы;
- шетелдік және отандық жоғары оқу орындары ғалымдарының кеңінен тартылуы

Т – қауіп-қатерлер



**«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

- ғылыми дәрежелі профессор-оқытушылар құрамының орта жасының ұлғаюы.

Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер мен 2025 жылға дейін университеттің даму стратегиясын жүзеге асырудың күтілетін нәтижелері

Атауы	Өлше м бірліг і.	Жоспарлы кезеңде күтілетін нәтиже, жыл					
		2020	2021	2022	2023	2024	2025
1 стратегиялық бағыт. Сапалы білім беру қызметтерін және бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды қамтамасыз ету							
1.1 мақсат	Біліктілігінің деңгейі бойынша дамып отырған ішкі нарық мұқтаждықтарына және халықаралық стандарттар мен талаптарына жауап бере алатын кәсіби кадрларды дайындау						
Мақсатты индикаторлар:							
Еңбек нарығындағы біліктілік талаптарын ескере отырып, жұмыс берушілердің қатысуымен әзірленген және іске асырылатын білім беру бағдарламаларының үлесі	%	100	100	100	100	100	100
Кәсіби стандарттар негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларының үлесі	бакал авр	27	27	27	27	27	27
	магис тр	6	6	6	6	6	6
Білім беру бағдарламаларына бірінші курстан бастап оқу пәндерін қазақ тілінде оқыту (6B01503-Информатика мұғалімдерін даярлау , 6B01504-Химия мұғалімдерін даярлау, 6B01505-Биология мұғалімдерін даярлау, 6B01502-Физика мұғалімдерін даярлау)	%	50	50	50	50	50	50
Білім беру бағдарламаларына бірінші курстан бастап оқу пәндерін орыс тілінде оқытуды ендіру (6B01503-Информатика мұғалімдерін даярлау , 6B01504-Химия мұғалімдерін даярлау, 6B01505-Биология мұғалімдерін даярлау, 6B01502-Физика	%	20	20	20	20	20	20



**«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

мұғалімдерін даярлау)							
Білім беру бағдарламаларының бейінді пәндер циклын ағылшын тілінде оқытуды ендіру (6B01503-Информатика мұғалімдерін даярлау, 6B01504-Химия мұғалімдерін даярлау, 6B01505-Биология мұғалімдерін даярлау, 6B01502-Физика мұғалімдерін даярлау)	%	30	30	30	30	30	30
Пән мұғалімдерінің аудандық қауымдастығын құру және оның жұмыс істеуі: 1. Бастауыш сыныпта оқытылатын пәндер (Қазақ тілі, әдебиеттік оқу, математика, дүниетану) 2. Психологтар 3. Қазақ тілі мен әдебиеті 4. Тарих 5. Орыс тілі мен әдебиеті 6. Ағылшын тілі 7. Информатика 8. Математика 9. Физика 10. Химия 11. Биология 12. География 13. Дене шынықтыру 14. Музыка 15. Көркем еңбек және сызу 16. Құқық және экономика	саны	1	1	2	2	3	4
Пән мұғалімдерінің форумын ұйымдастыру	саны	1	1	2	2	3	4
Заңтану саласында кадрлар даярлаудың сапасын күшейту: 1. «Құқықтану» БББ жетекші ЖОО тәжірибесінде актуализациялау; 2. Оқыту процесіне жетекші заңгер мамандарды шақыру (тарту) 3. Оқыту процесінде және БББ дайындауды практикалық		+	+	+	+	+	+



**«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

дағдыларын күшейту; 4. Қорытынды аттестаттау комиссия құрамына заңгер маман енгізу; 5. Кәсіптік практика базаларын кеңейту;							
Хакатон – цифрлық дағдыларды қолдана отырып, IT-шешімдерді әзірлеу бойынша университетішілік, өңірлік идеялар конкурстарын ұйымдастыру және өткізу	саны	-	1	1	1	1	1
Жұмыс берушілермен бірлесе отырып білім беру бағдарламаларының мазмұны мен кәсіптік практика бойынша әдістемелік семинарларды ұйымдастыру	саны	1	1	1	1	1	1
Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналастырылған бітірушілердің үлесі	%	71	72	73	74	75	76
1.1.1 міндет	Өңір және тұтас ел үшін жоғары білікті бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауды қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларын жетілдіру						
Жұмыс берушілердің талаптары есепке алынып әзірленген білім беру бағдарламалары бойынша таңдау компонентінің үлесі (элективті пәндер үлесі әр бір БББ бойынша)	саны	4	4	5	5	6	6
Отандық ЖОО бірлесіп әзірленген білім беру, оқу бағдарламалары (саны)	саны	4	4	5	5	6	6
Шетелдік ЖОО бірлесіп әзірленген білім беру, оқу бағдарламалары (саны)	саны	1	1	2	2	3	3
Көп тілді білім алатын білім беру бағдарламалар (6B01503- Информатика мұғалімдерін даярлау, 6B01504-Химия мұғалімдерін даярлау, 6B01505- Биология мұғалімдерін даярлау,	саны	4	4	4	4	4	4



**«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

6B01502-Физика мұғалімдерін даярлау)							
Алған мамандығы бойынша 1 жыл бойында жұмысқа орналасқан бітірушілер үлесі	%	50	51	52	53	54	55
“English club” үйірме жұмыстарын дамыту: 1. Тілдік емес білім беру бағдарламалары студенттерінің қатысу үлесін ұлғайту 2. Ағылшын тілді елдердің ЖОО студенттерімен online кездесулер өткізу	саны	1	1	2	2	3	4
		1	1	2	2	3	3
1.1.2 міндет	Диссертациялар қорғау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру жолымен университеттің кадрлық әлеуетін күшейту						
Университеттің ғылыми әлеуетін арттыру	%	50	50	51	51	52	53
Менеджмент саласында біліктілігін арттырған университет басшылары	саны	2	2	3	3	4	4
Біліктілікті арттырған ПОҚ үлесі (кафедра бойынша)	%	20	20	20	20	20	20
Университетке тартылатын шетелдік жетекші ғалымдар, оқытушылар мен кеңесшілердің саны	саны	1	1	2	2	3	4
Шетелдік білім алушылар үлесі	%	1	1	2	2	3	4
Кадрлық резерв жасақтау (университеттің ғылыми - педагогикалық қызметкерлерінің бос лауазымдарға конкурс жүргізу)	саны	1	1	1	1	1	1
1.1.3 міндет	Университеттің материалдық-техникалық базасының дамуы						
Оқу үдерісінде ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу барысында және іс-тәжірибе кезінде оқу өндірістерінің және ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғылыми-өндірістік базаларын пайдалану	саны	1	1	2	2	3	3



**«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

Университет корпустарын а) бейнебақылаумен (ішкі және сыртқы) б) турникеттермен қамтамасыз етілу үлесі		+	+	+	+	+	+
1.1.4 міндет	Білім беру қызметтері сапасына бақылау жүргізудің заманауи тетіктерін пайдалану						
Ұлттық институционалдық аккредиттеудің өткізілуі: 1- кезең - АО талдап алу, 2- кезең – өзі-өзін бағалау, 3- кезең - сыртқы бағалау	мерзімі		мамыр				
Білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеуден өткізу	мерзімі	қаза					
ХС ИСО 9001:2015 талаптарына сәйкес ішкі және сыртқы аудит өткізу	саны	1/1	1/1	1/1	1/1	1/1	1/1
ЖОО арасындағы рейтингіге қатысу (отандық/шетелдік)	мерзімі	+	+	+	+	+	+
Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметіне қанағаттанушылық: (сауалнама жүргізу) Ішкі 1. Университет білім алушылар арасында; 2. Университет профессор-оқытушылар құрамы қызметкерлері; Сыртқы: Жұмыс берушілер, түлектер арасында;	саны						
		+	+	+	+	+	+
		+	+	+	+	+	+
		+	+	+	+	+	+
1.1.5 міндет	ЮНЕСКО және Болон үдерісінің Лиссабондық конвенциясы талаптарына сәйкес келетін кадрларды даярлау						
Талапкерлердің құжаттарын қабылдауды цифрландыру (online admission): Талапкерлердің университеттік электронды базасын жасақтау	Адам	+	+	+	+	+	+
ЖОО-дан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау:	Адам						
Магистратура -		190	200	210	210	215	220
Докторантура (PhD) -		2	2	3	3	4	4



**«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

Академиялық ұтқырлық бағдарламалардың негізінде студенттерді қатыстыру: Ішкі АҰ- Сыртқы АҰ-	Адам						
		35	36	37	38	38	39
		10	11	12	13	14	15
Антиплагиаттың танылған халықаралық ақпараттық жүйелерін қолдана отырып, академиялық адалдық қағидаттарын енгізу		+	+	+	+	+	+
1.1.6 міндет	Білім, ғылым, өндіріс бірлігін жүзеге асыру						
Оқу өндірістерінде келісімшарт негізінде орындалатын ғылыми- зерттеу жұмыстарының саны	саны	1	1	2	2	3	3
Кәсіптік практика базаларын арттыру	саны	30	31	32	32	33	34
Шетелдік және отандық жетекші ғылыми орталықтармен бірлесіп жүргізетін ғылыми зерттеулердің саны	саны	1	1	2	2	3	3
Жас ғалымдарды ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға тарту		+	+	+	+	+	+
«Ғылыми тәлімгер» институтын ендіру		+	+	+	+	+	+
1.1.7 міндет	Инклюзивті білім беруді дамыту						
Университет корпусстарын ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқытуға қажетті құрал-жабдықтар мен арнайы жиһазбен қамтамасыз ету		+	+	+	+	+	+
Университет кітапханасын ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушылар сұранысына қарай арнайы әдебиетпен, аудио, видеолекциялармен қамтамасыз ету		+	+	+	+	+	+
Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқыту, бейімдеу және әлеуметтендіру мәселелері бойынша семинарларға, ғылыми- практикалық конференцияларға, вебинарларға қатысу	саны	1	1	2	2	3	3



**«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен білім беру, оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарды жүргізу процестерін жүзеге асыратын ОПК біліктілігін арттыру	саны	1	1	2	2	3	3
Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін педагогтер үшін біліктілік талаптарын жаңарту		+	+	+	+	+	+
Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға арналған оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу		+	+	+	+	+	+
2-стратегиялық бағыт	Өңірдің және елдің экономикасы мен әлеуметтік басымдық салаларын ғылыми қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастықты күшейту						
Мақсаты: Өңірдің және елдің тұрақты инновациялық дамуы үшін зерттеулер негізінде университеттің білімі мен білім беру инновациялық технологияларының бәсекеге қабілеттілігі мен сұранысқа ие болуына қол жеткізу							
2.1 міндет	Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер әзірлеу						
Іске асырылатын ғылыми жобалар саны (гранттық қаржыландырылатын)	саны	1	1	1	2	2	3
Кәсіпорындармен, ұйымдармен және бизнес-құрылымдармен шартқа сәйкес бірлесіп орындалатын ғылыми жобалардың саны	саны	2	3	3	4	4	5
Ынталы ғылыми-зерттеу жобалар саны	саны	1	1	1	2	2	2
Коммерцияланған әзірлемелер мен инновациялар саны	саны	-	-	1	1	1	1
Зерттеушілердің жалпы санындағы 40 жасты қоса алғанға дейінгі жас ғалымдар санының өсімі	%	30	31	32	33	34	35
Университет базасында студенттік стартаптар құру	саны	1	1	1	1	1	1
Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу үлесін	%	30	31	32	33	34	35



**«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

арттыру							
Бір штаттық ПОҚ-қа шаққандағы есепте ҒЗЖ қаржыландыру көлемін ұлғайту	қаржы көлемі мың тг	44,2	45,0	46,0	47,0	48,0	50,0
2.2 міндет	Заманауи ғылыми инфрақұрылымды құру						
Тиісті ғылыми талаптарды сақтай отырып сертификатталған зертханалар мен лицензияға ие болған қызметкерлердің саны	Бірл./а дам	1/3	1/3	1/3	1/3	1/3	2/4
Зертханалар, кабинеттер мен шеберханаларды қазіргі заманғы соңғы талаптарға сай зертханалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету	Қаржы көлемі млн.тг	4,0	5,0	6,0	7,0	8,0	9,0
Интернет жүйесіне қосылу жылдамдығын арттыру	МВ/сек	100	100	100	100	100	100
«Цифрлы сауаттылық» курсын ұйымдастыру		+	+	+	+	+	+
2.3 міндет	Ғылыми кадрлардың біліктілігін арттыру						
Жетекші ғалымдар мен мамандарды тарта отырып, ғылыми зерттеулердің халықаралық әдістерін пайдалану бойынша тренингтер өткізу	саны	1	1	2	2	3	3
Шетелдерде кәсіби немесе ғылыми біліктілігін жоғарылататын ОПК	саны	2	4	6	8	10	12
«ЖОО Үздік оқытушысы» грантына үміткер	саны	1	2	2	2	3	3
2.4 міндет	Ғылыми зерттеулер сапасын арттыру						
Web of Science (Clarivate Analytics) и Scopus (Elsevier) платформаларында ғылыми жарияланымдар санын арттыру	мақала саны	4	5	6	7	8	9
ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған ҚР ғылыми басылымдарындағы жарияланымдар саны	мақала саны	25	27	30	35	37	40
Алыс -жақын шетел және отандық басылымдардағы жарияланымдар	мақала саны	15	20	25	30	35	40
Өткізілген халықаралық конференциялар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер, ғылыми	саны	5	10	10	15	15	20



**«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

семинарлар саны							
Өнертабыстар туралы алынған куәліктер, авторлық куәліктер, патенттер мен лицензиялар алған ПОҚ үлесі	саны	10	15	20	25	30	35
Алыс -жақын шетел және отандық басылымдарда жарияланған монографиялар	саны	1	1	2	3	4	5
Оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар дайындау	саны	3	4	5	7	10	12
Университеттің профессор-оқытушы құрамының ҒЗЖ нәтижелерін оқу үдерісіне ендіру (ендіру актілері)	саны	10	11	12	13	14	15
2.5 міндет	Ғылыми қызметкерлерді ақпараттық қорлармен қамтамасыз ету						
Ғылыми мекемелер, жоғары оқу орындары мен білім беру мекемелері, өндіріс орындары арасында бірлесе зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағытталған келісімдер жасау	саны	1	1	2	2	3	3
Шетелдік және отандық әріптес ұйымдармен ынтымақтастық келісімдер мен шарттар саны	Саны	1	2	3	4	5	5
Халықаралық жобаларға, бірлескен ғылыми зерттеулерге, білім беру жобаларына қатысу	Саны	1	1	1	2	2	3
Халықаралық ғылыми конгрестер, симпозиумдар, конференцияларға қатысу	саны	250	300	350	400	450	500
2.6 міндет	Ғылыми қызметкерлерді ақпараттық қорлармен қамтамасыз ету						
Кітапханалық қорды жаңа ғылыми әдебиетпен толықтыру, қаржы	қаржы көлемі млн. тг	8.0	8.5	9,0	10,0	10,5	11,0
Әлемдік жетекші ғылыми орталықтардың мәліметтер базасы мен ақпараттық қорларына қосылу	саны	1	1	1	2	2	3
3-стратегиялық бағыт. Адам капиталының маңызды сипаттамалары ретінде маманның бойында азамат және патриот, тарихи үрдісті жасаушы және өзінің қабілеттерін дамыта білетін тұлға қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау							
3.1 мақсат	Кәсіптік және әлеуметтік құзыреттілігіне ие						



**«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

	азамат пен патриоттың өзіне сенімді және бәсекеге қабілетті тұлғасын тәрбиелеу						
Мақсаттық индикаторлар:							
Жастар ұйымдары қызметіне, жергілікті өзін-өзі басқару мен студенттік өзін-өзі басқаруды ұйымдастыруға қатысатын студенттер үлесі	%	22	23	24	25	26	27
Әлеуметтік маңызды жобаларды және бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысатын студенттер үлесі	%	21	22	24	25	25	26
Қайырымдылық, отансүйгіштік, ғылыми-техникалық, мәдени, спорттық және басқа акцияларға қатысатын студенттер үлесі	%	26	27	28	29	30	31
3.2 міндет	Студенттердің ЖОО ішіндегі және сыртындағы ұйымдарға қатысуына қолдау көрсету						
Мемлекеттік жастар саясаты және патриоттық тәрбие саласының іс- шараларына жастарды қатыстыру	Іс- шара	+	+	+	+	+	+
Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру		+	+	+	+	+	+
Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында спорттық іс-шаралар мен спорттық секцияларды арттыру	саны	4/3	4/3	5/4	5/4	7/5	7/6
3.3 міндет	Студенттерді белсенді әлеуметтік өмірге дайындау және олардың әлеуметтік құзыреттілігін арттыру						
Әлеуметтік басқару және жастар саясаты мәселелері бойынша жетекші мектептер, тренингтер мен шеберлік сыныптарды ұйымдастыру	саны	2	2	2	2	3	3
Аймақтық, республикалық, түрлі конкурстар, спорттық сайыстардың жеңімпаз студенттері санын арттыру	саны	10	11	12	13	14	15
3.4 міндет	Әлеуметтік тәуекелдерді төмендету бойынша іс-шаралар сапасын қамтамасыз ету						
Студент жастардың отансүйгіштік	%	21	22	23	24	25	25



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

деңгейінің өсуіне ықпал ететін іс-шараларды арттыру							
Сыбайлас жемқорлықтың, нашақорлықтың, діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған ұйымдастыру	іс-шаралар	4	4	5	5	6	6
Әлеуметтік жағдайы төмен студенттерге материалдық және әлеуметтік қолдау көрсету (мемлекет тарапынан көрсетілетін көмекке қосымша)	%	10	11	12	13	14	15

Күтілетін нәтижелер:

- Университет құрылымын реформалау және соған байланысты басқару мәдениетін жетілдіру және дамыту.
- Білім беру үдерісі мен ғылыми зерттеудің жүйелі мониторингі негізінде университет менеджментін барлық деңгейі мен барлық формада тұрақты түрде жақсартып отыру.
- Қоғамның әлеуметтік сұранысына жауап бере алатын жоғары білікті маман даярлау мақсатында жаңа ақпараттық технологияларды енгізу, білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру, инновацияларды пайдалану.
- Университеттің және басқа білім беру ұйымдарының профессор-оқытушы құрамы кадрларын даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастыру, олардың біліктілігін арттыру.
- Іргелі және қолданбалы ғылым саласында, оның ішінде педогогикалық цикл пәндері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу және оқу үдерісіне осы өзекті зерттеулер нәтижесін енгізу.
- Академиялық ұтқырлықты және Халықаралық ғылыми алмасуларды, білім берудің бірлескен бағдарламаларын кеңінен дамыту.
- Өзгермелі жағдайларда білім беру сапасын қамтамасыз ету.
- Ұжымда жұмыс істей білетін, азаматтық, патриоттық, рухани жағынан пісіп-жетілген студент бойында бәсекеге қабілеттілікті, әлеуметтік жауапкершілікті дамыту.
- Мемлекеттік, қоғамдық және басқа да оқу орындарында өздігінен білім алу үдерісінде педагогтың сана-сезімін, іс-әрекетін дамытудағы тәсілдер мен амалдар жиынтығы ретіндегі үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесін құру.

V. МОДЕРНИЗАЦИЯ БАҒЫТТАРЫ

V.1. Университеттің оқу үдерісін жетілдіру және басқару жүйесін модернизациялау



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

Бұл стратегия университетті басқару мен оқу үдерісін жетілдірудің келесі жүйелі міндеттерін анықтайды.

Бірінші міндет – университетті басқарудың корпоративті құрылымын жетілдіру, оны қазіргі талаптарға сай функционалды толтыру және оңтайландыру.

Екінші міндет – ресурстарды: қызметкерлер құрамын, қаржы, материалды және материалды емес белсенді топтарды басқаруды жүзеге асыру.

Үшінші міндет – университет қызметкерлерінің және профессор-оқытушылар құрамының еңбекақысының деңгейін жүйелі көтеру, студенттерді және қызметкерлердің, оқытушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту.

Төртінші міндет – университетті сырттай қолдаудың қазіргі жүйесін, оның қызметінің имиджі мен халықаралық ұстанымын қалыптастыру.

Бесінші міндет – автономиялық білім беру мекемесіне айналу.

Алтыншы міндет – білім берудің сапа менеджменті жүйесін жақсарту және оны университеттің барлық құрылымдық бөлімдерінде практикалық тұрғыдан қолдану.

Жетінші міндет – университеттің мәртебесі мен міндеттеріне сай қабілетті студенттерді іріктеп алып, білім алушылар контингентін қалыптастырудың пәрменді механизмін құру.

Сегізінші міндет – бакалаврлардың дипломын халықаралық деңгейде мойындата алатындай жағдай туғыза алатын білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеу, сертификаттау, стандарттау.

Тоғызыншы міндет – қызмет көрсету мен білім берудің электрондық және қашықтықтан оқыту құралдарын жүйелі түрде дамыту.

Оныншы міндет – профессор-оқытушылар құрамын дайындау, қайта дайындауды жетілдіру, оған талантты, жоғары білікті жастарды тарта білу.

Он бірінші міндет – білім берудің кредиттік жүйесін Болон принциптеріне сүйене отырып, халықаралық ықпалдастық және академиялық ұтқырлықты жетілдіру.

Он екінші міндет – жұмыс берушілердің біліктілік талаптарын қанағаттандыру мақсатында үнемі оқу бағдарламаларын жетілдіріп қажетті пәндерді енгізу.

Алға қойған міндеттерді іске асыру үшін төмендегі **әдістер мен механизмдер** қолданылады:

- негізгі құрылымдық бөлімдердің қызметін стратегиялық тұрғыдан жоспарлау;
- әлемдік тәжірибеге сәйкес ЖОО автономиясы принциптерін жүйелі түрде іске асыра алатын, нарықтық жағдайда толыққанды қызмет істеуге мүмкіндік беретін университет қызметінің тиімді ұйымдастырушылық – құқықтық формаларын іздеу және іске асыру;
- мемлекеттік грантқа кететін қаржылық шығындарды есептегенде, жаңа жағдайдағы университет қызметінің тиімділігін қамтамасыз ететін мемлекеттік ұйымдардың жоспарлары мен нормативтік-құқықтық актілерін қабылдауға ықылас таныту және оны негіздеу;



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

- қызметкерлер мен қорды басқару стратегиясын дайындау, бекіту және іске асыру;
- Шетелдік ЖОО қолданылып жүрген оқытушының еңбегін бағалау критерийінің жаңа жүйесіне сәйкес, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің еңбекке қосқан үлесі мен сапасына қарай еңбекақы деңгейін үш қағиданы ескере отырып көтеру: негізгі еңбекақы, бюджеттен тыс демеушілерден, шаруашылықтан және ғылым есебінен, оқу төлем-ақысынан түсіп жатқан қаржыдан алатын үлес және еңбекақы;
 - үздік қызметкерлерді материалдық емес тұрғыдан ынталандыруды күшейту;
 - университет қызметін қадағалау жүйесінің тиімділігін арттыру және соның негізінде жемқорлықпен күресті күшейту, бой көрсетіп келе жатқан жемқорлық әрекеттерді жүйелі түрде жоюға жағдай жасау;
 - университеттің корпоративтік мәдениетін жетілдіру.
- университеттің құрылымдық бөлімдерінің қызметін стратегиялық жоспарлау;
- университетке білім алушыларды іріктеп алудың талаптарын күшейтетін нормативті-құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру бойынша ұсыныстар беру, ол үшін қажетті әдістемелік және ұйымдастырушылық базаны жетілдіру;
- «Сырдария» университетінің дипломын халықаралық деңгейде мойындатуды мақсат етіп қана қоймай, ЖОО халықаралық деңгейдегі рейтингісіне өтуін қамтамасыз ететін халықаралық ұйымдардың мамандарды дайындау сапасы өлшемдеріне қоятын талаптарына талдау жасау және шараларды іске асыру;
- профессор-оқытушылар құрамының конкурсының жүйесін жетілдіру;
- IT технологиясын (электронды университет) қолдана отырып бірыңғай ақпараттық орталығын дамыту;
- ПОҚ білімін жетілдіру және дайындау жүйесін 3 бағытта жүргізу: оқытушыларды Республиканың және шетелдің беделді оқу орындарына білімін жетілдіруге жіберу, шетел және республикалық ЖОО ПОҚ-мен нәтижелі байланыста болу және университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсене қатысатын жас ғалымдарды дайындау;
- студенттердің өзіндік жұмыстарын жүргізу үшін оқу-материалдық базасын жетілдіру, оқытушының еңбегін бағалаудың жаңа критерийлерін дайындау, оқытушылардың еңбек ақысын адекваттық төлем жүйесіне бағыттау;
- университеттің халықаралық деңгейдегі қызметін жетілдіру;
- студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту және оның университет әкімшілігімен байланысын нығайту, патриоттық тәрбие беру, студенттік мәдениетті көтеру, әлеуметтік жағдайын көтеру, спорт және мәдени шаралардың материалдық және әдіснамалық базасын дамыту;
- бітірушілерді жоғары мәртебелі ұйымдар мен фирмаларға жұмысқа орналастыру, ол үшін кейбір студенттерді оқытудың оқу траекториясын анықтап жұмыс берушінің талабына сай келтіріп, оқытудың әдіснамасының кері байланыс нәтижесіне ғылыми болжам және талдау жасау.



V.2. Ғылым мен инновация менеджментін және материалдық техникалық базаны модернизациялау

Бұл стратегия осы өрістегі келесі жүйелік міндеттерді анықтайды:

Бірінші міндет – ғылымды бюджеттік және бюджеттік емес тұрғыдан қаржыландыру жолдарын іздестіру.

Екінші міндет – ғылыми жобаларды қажет ететін ішкі жүйелерді құру, оны іске асыру және коммерциялау үшін жеке және мемлекеттік серіктестерді іздестіру.

Үшінші міндет – ғылым мен білім беру үдерісінің байланысын тереңдету.

Төртінші міндет – университеттің ғылыми және инновациялық инфрақұрылымын нығайту, оның Ұлттық инновациялық жүйемен ынтымақтастығын қамтамасыз ету.

Бесінші міндет – халықаралық деңгейде нәтиже беретін зерттеу жұмыстары мен талдамалардың сапасын көтеру.

Алтыншы міндет – университеттің материалдық-техникалық базасын жетілдіру, инфрақұрылымды дамыту.

Алға қойған міндеттерді іске асыру барысында төмендегі әдістер мен механизмдер қолданылады:

- университеттің ғылыми және инновациялық қызметін стратегиялық жоспарлау;
- нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;
- университеттің мемлекеттік фундаментальды профильдік ҒЗИ байланысын қамтамасыз ету және серіктестік қарым-қатынаста болу.
- Қазақстандағы дамыған экономика және білім беру салалары бойынша ғылыми зерттеулер мен талдамалар дайындау және сараптау;
- материалдық емес өнімдерді (патент, лицензия және т.б.) қарқынды түрде әзірлеу және оларды коммерциялау;
- профессор-оқытушылар құрамы үшін даралық еңбек ақының базалық өлшемдерінің бірі болып табылатын ғылыми сала бойынша белсенді және нәтижелі іс атқаруға қойылатын талаптарды айқындау, жас ғалымдар үшін ғылыми-зерттеу жобаларын, бағдарламаларды және әзірлемелерді дайындауға белсене қатысуға және іске асыруға қойылатын талаптарды қалыптастыру;
- университеттің ғылыми зертханаларын мемлекеттік тұрғыдан сертификаттау, оларды коммерциялық қызметке тарту;
- ҒЗЖ ғылыми нәтижесін өндіріске және оқу үрдісіне енгізу;
- ҒЗЖ өнімін өндіріске енгізе отырып, коммерциялық пайда түсіру;
- ЖОО әлемдік рейтинг критерийлеріне сәйкес университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарының беделін көтеру үшін халықаралық басылымдарға мақала жариялау және жоғары деңгейдегі ғылыми нәтиже көрсетушілерді ынталандыру;



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

- инновация және ғылым саласында заманауи менеджерлерді қайта дайындау және дайындау жүйесін қалыптастыру.
- Университеттің және құрылтайшылардың қаржыландыру көздерінің тарапынан университеттің аумағын кеңейту:
 - университет меңшігіндегі 1,0 га жер теліміне бас оқу ғимарат құрылысына рұқсат алып, архитектуралық жобасын әзірлеп, ғимаратты 2021 жылы іске қосу;
 - университеттің инфрақұрылымын дамыту мақсатында жаңа спорт кешенін іске қосу.



«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПЕРСПЕКТИВТІ МОДЕЛІ

«Сырдария» университетінің функционалдық мүмкіндіктері:

- жұмыстарды үйлестіру негізінде университетті дамыту;
- қоғамдық әлеуметтік сұранысқа бейімделу;
- білім сапасын арттыру;
- аймақтың рухани өміріндегі мәдени-ағарту жұмыстарын кеңейту;
- ғылыми және ғылыми-техникалық жұмыстардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- халықаралық білім беру және ғылыми ықпалдастықты дамыту;
- бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- университеттің бәсекелестік бренді және оның танымдылығын қалыптастыру;
- университеттің, қоғамдастықтың корпоративті идеологиясын насихаттау;
- ПОҚ еңбегін ынталандырудың тиімділігін арттыру;
- университеттің инфрақұрылымын сапалық тұрғыдан өзгерту;
- үздіксіз білім берудің аймақтық жүйесінің нормативтік-құқықтық базасын ұдайы жетілдіру;
- үздіксіз білім беру жүйесінде сабақтастықты қамтамасыз ететін инновациялық әдістемелер мен технологияларды оқу үдерісіне енгізу;
- үздіксіз білім беру жүйесіне арналған даярлаудың тиімді жүйесін құру және білім беру қызметкерлерінің біліктілігін көтеру;
- автономиялық білім беру мекемесі болу.



VI. ҚОРЫТЫНДЫ

Осы Стратегияда қойылған міндеттер мен механизмдерді жүзеге асыру мақсатында университет қызметіндегі негізгі функционалды бағыттар бойынша стратегиялық жоспарлаудың тиісті құжаттарын, факультеттер мен кафедралардың даму стратегиясын, оларды жүзеге асыру мен орындаудағы іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту қолға алынады.

Іс-шаралар жоспарының өзектілігіне байланысты университет бағалау критерийінің жүйесін, мониторинг және орындауға бақылау жасауды енгізе алады, қажетіне қарай стратегия мен іс-шаралар жоспарына тиісті өзгертулер енгізіліп отырады.

Стратегияның жүзеге асырылуы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың алға қойған міндеттерінің университетте орындалуын, еңбек нарығы жағдайында қажет болып табылатын жоғары білікті мамандар даярлауды, университеттің әлемдік білім беру ортасына интеграциялануын, ғылыми зерттеулер мен инновациялық жұмыстардың сапалы және нәтижелі болуын, жоғары оқу орындарының рейтингісінде университеттің лайықты орын алуын қамтамасыз етеді.